

## Өнер және мәдениет факультеті



**Бәкірова Самал Әбілпатташқызы**  
**Өнер және мәдениет факультеті, Хореография кафедрасының оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі.**

### **Жетістіктері:**

- Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан зор үлесі мен белсенді қызметі үшін, Алғыс хат.
- Қазақ Ұлттық Хореография Академиясы, Жоғары оқу орындарында білім алатын студенттерге арналған Республикалық пәндік олимпиадасы, Алғыс хат.

### **Еңбектері:**

- «International creative communication in the history of choreography of Kazakhstan» атты мақаласы АҚШ Монтана «Science and Education in XXI century» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағында жарық көрді.
- «Хореографиялық оқыту жүйесінде үш тілде білім беруді дамыту», Қазақ Ұлттық Хореография Академиясы, Arts academy ғылыми журналы.

### **Шебер-сынып тақырыбы «Хореографиялық оқыту жүйесінде үш тілде білім беру»:**

*Тіл мәдениеті адамның жеке басы мәдениетінің бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Үш тілде оқытудың ерекшелігі және әр ұлттың би өнерімен байланыстыра отырып үйрету. Халық биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Халық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, әр халықтың әдебиетімен, музыкасымен, дәстүрлі салтымен біте қайнасып келе жатқан әр ұлттың мұрасы.*

*Халық би өнері ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып ғасырлар бойы дамыған. Халық биі жаңа қиялмен жаңа мазмұнмен дамып отыратындықтан, әрдайым ізденісті, шығармашылық және орындаушылық шеберлікті талап етеді.*